

КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСУ

2017 жылдың 29 қарашасында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың студенттері мен оқытушылары Корей Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі Ким Дэсикпен кездесті. Кездесуге Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ғылыми істер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры Құлсариева А.Т. және декан Таубаева Г.З., оқытушылар мен студенттер қатысты.

Ким Дэсик елші Корей елі, оның мәдениеті және оның жүргізіп отырған мемлекеттік саясаты жайлы дәріс оқыды. Дәрістен соң студенттер мен елші мырза арасында қызу әңгіме жүрді, студенттер өз сұрақтарын қойды.

Кездесуді шетелдік азаматтарға арналған филология мамандықтары кафедрасында білім алып жатқан корейлық студенттер жалғастырды. Олар құттықтау сөз айтты және ұлттық «Ариран» биін билеп берді.

Кездесу барысында ыстық лебіздер мен достастық ниеттері орын алды.



Ақпаратты дайындаған проф. Балгазина Б.С.